



№4 (98) сәуір 2024 жыл

OZEN

«Өзенмұнайгаз» АҚ корпоративті журналы

«ӨЗЕНМҰНАЙГАЗДА» ЕҢБЕК ЕТУ – ҚУАНЫШ!

www.ozen.kz



«ӨЗЕНМҰНАЙГАЗ» АҚ
корпоративті журналы



№4 (98) сәуір 2024 жыл

*Басылым Қазақстан
Республикасы Ақпарат және
коммуникация министрлігінде
есепке алынып, №16077-Г
күелігі берілген*

ТАПСЫРЫС БЕРУШІ:
Жұртшылық және
мемлекеттік органдармен
байланыс бөлімі

Бас редактор:
Бибігүл БӨБЕКБАЙ

Журналист:
Жазира АҚБЕРГЕНОВА

Дизайн және беттеуші:
Ғалия ҚҰРМАН

Орындаушы:
«Қазына production» ЖК

РЕДАКЦИЯ МЕКЕНЖАЙЫ:
ҚР, Маңғыстау облысы, Жаңаөзен
қаласы, Сәтбаев көшесі, 3-ғимарат,
426-кабинет, 8/72934/63445

Шығу жиілігі айына 1 рет.
Журнал материалын көшіріп
басуға редакция рұқсаты қажет.

Журнал «АТИС» ЖШС
баспаханасында
басылды

МАЗМҰНЫ

КОМПАНИЯ
ЖАҢАЛЫҒЫ:

«ӨМГ» АҚ МЕН
КӘСІПОДАҚТАР
ЖАҢА
**ҰЖЫМДЫҚ
ШАРТҚА ҚОЛ
ҚОЙДЫ**

7



ЕЛ ЫРЫСЫН
ЕСЕЛЕГЕН:

**ГЕОЛОГИЯНЫҢ
СЫРЛЫ
ӘЛЕМІНЕ
САЯХАТ**

18

БАЛАПАНЫМ,
МАҚТАНЫШЫМ:

**АРМАНЫ
БИІК –
ҚОЗЫ-
КӨРПЕШ**

23



МАҢЫЗДЫ ЖЫЛДАР

**ӨЗЕН КЕН ОРНЫНДА
1961 ЖЫЛЫ 15 ЖЕЛТОҚСАНДА
БҰРҒЫЛАУ ШЕБЕРІ
М.КУЛЕБЯКИННИҢ №1
ҰҢҒЫСЫНАН 1248-1261
МЕТРДЕН СЫНАҚ КЕЗІНДЕ
МҰНАЙ ФОНТАНЫ АТҚЫЛАДЫ.
«ҰЙҚЫДАҒЫ АРУДЫҢ»
ОЯНҒАН СӘТІН КУЛЕБЯКИН
БРИГАДАСЫНЫҢ БҰРҒЫШЫСЫ,
МАРҚҰМ ТӨРЕҒАЛИ
ҚАДЫРОВ ЖУРНАЛИСТ
М.СУХАМБЕРДИЕВКЕ
БАЯНДАУЫНДА БЫЛАЙ ДЕЙДІ:**



Төреғали ҚАДЫРОВ, ардагер мұнайшы

«Б астапқы кезде барлау жұмыстары бәлендей нәтиже бермеді, бұл көп адамның ынта-жігерін мұқалтып тастады. Алғашқы қиындыққа төзе алмағандар, оңай олжа тапқысы келгендер «есіміз барда елімізді табайық» деп келген жағына тайып тұрғандар да болды. Түбіжіктен мұнара сүйретіп, жолда бір апта жүріп, Өзеннің Қызылсайға ұштасқан жерінде отырған іздестіру партиясының жартылай жертөле поселкесіне жетіп, жаңадан ұйымдасып жатқан бригаданың құрамына бұрғышы болып кірдім. Осының алдында Ғазиз Әбдіразақов қазған «К-18» скважинадан газ фонтаны алынған болатын. Бұрғылау бірден қарқын алып кете алған жоқ. Станокқа керек бөлшектер жетпеді, бұзылғандарын сол жерде жөндей қоятын шеберхана тағы жоқ. Жетпегенін Гурьевтен, болмаса бұрын өзім істеген Түрікменстаннан әкеліп, қайткенде де бұрғылауды тоқтатпауға тырыстық. Жұмыстан қол бос кезде таудың тасынан өздерімізге үй, жұмысшылар үшін жатақхана салдық. Скважина 1500 метрге жеткенде тоқтатылып, оның өнімді қабаттарын сынау жұмысы басталды. Өзісіне мұқият Жарылғасын Дәуітов барлау геологы болатын. Ауысымнан келіп ұйықтап жатқанда түн ортасы даладан біреу айқайлағандай болды. «Төреғалий» дейді. Жүгіріп шықсам Михаил екен. «Фонтан атқылады, тез жет!», деуге шамасы келді де, вахта адамда-

рын жинап жүр екен. Шапшаңдатып барғанымызда осы күнгі Жаңаөзен мен Қызылсайдың арасындағы «тұңғыш мұнара белгісі» орнатылған жердегі «БУ-75» мұнарасы үстінен бұдақтаған қара қошқыл қойыртпақ бейне зауыт тұрбасынан бұдақтап жатқан қою қара түтін сияқты атқылап жатыр екен. Фонтанның дауысы 2 шақырымдағы поселкені аяғынан тік тұрғызды. Қайсы бірі қолына не түссе соған мініп, қайсы бірі жаяу-жалпы жүгіріп дегендей әп-сәтте мұнараны қоршап алды. Қабатта бұрғылау ертіндісін скважина үстіне лақтырып тастаған қара қошқыл мұнайсу аралас сұйықтық жоғарыдан саулап тұр, жақындап бару мүмкін емес, мұнай селінің дауысы құлақ тұндырады. Миллиондаған жылдар бойы жеті қат жер астына шегенделген қарамай шығар саңылау таба алмай жатқанда оған бұрғы салып жол ашқан біздер болдық. Сол фонтан күні-түні тоқтау бермей арқырады-ау дейсің! Жетібайдың фонтанын басқан Дүйсен Үсеновтің күрделі жұмыстар жөніндегі бригадасы осында болды, фонтан екінші күні тоқтатылды».

ЖАҢАӨЗЕНДЕ МҰНАЙ ГАЗ ӨНДІРУГЕ ҚАЖЕТТІ ЖАБДЫҚТАР ШЫҒАРАТЫН ЗАУЫТ САЛЫНАДЫ. БҰЛ «ҚАЗМҰНАЙГАЗ» ҰК АҚ МҰНАЙЛЫ ҚАЛАДА ТАУАРЛАР ӨНДІРІСІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ МАҚСАТЫНДА ИНВЕСТИТОРЛАР ТАРТУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ НЕГІЗІНДЕ МҮМКІН БОЛЫП ОТЫР.



ЖАҢАӨЗЕНДЕ МҰНАЙ ГАЗ ЖАБДЫҚТАРЫН ШЫҒАРАТЫН ЗАУЫТТЫҢ ІРГЕТАСЫ ҚАЛАНДЫ

Жаңаөзендегі жаңа зауыт жылына 51 мың тонна құбыр өнімін, 540 мың бірлік сорғы штангасын және 100 бірлік мұнай жылытқышын өндіретін болады. Кәсіпорын келесі жылы пайдалануға беріледі деп жоспарланып отыр.

Бағдарламаға сәйкес «ҚазМұнайГаз» Жаңаөзенде ҚМГ мен оның еншілес ұйымдарына қажетті жабдықтар мен тауарлар өндірісін салуға кепілдік беретін компанияларды (әлеуетті инвесторларды) іріктейді. Бұл үшін компания қажетті тауарлар тізімін бекітіп, сатып алу тәртібіне өзгерістер енгізді. Мұндай кәсіпорынды салатын алғашқы инвестор – «Каскор-Машзавод» ЖШС. Аталған бағдарлама «Өзенмұнайгаз» АҚ бастамасымен жүзеге аспақ.

24 сәуірде Жаңаөзенде «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ басқарма төрағасы Мағзұм Мырзағалиев пен Маңғыстау облысының әкімі Нұрлан Ноғаяевтың қатысуымен болашақ зауыттың іргетасын қалау рәсімі өтті.



Жаңа зауыт құрылысына 17 млрд теңгеден астам инвестиция салу көзделіп отыр. Сондай-ақ Жаңаөзен тұрғындары үшін 250-ден астам жаңа жұмыс орнын ашу жоспарда бар. Олар оқудан өтуіне қарай 3 жыл ішінде кезең-кезеңмен жұмысқа алынатын болады. Осылайша жаңа өндіріс орны импортты алмастыруға, аймақ экономикасының өркендеуіне, жергілікті және республикалық бюджеттерге салық түсімінің артуына үлес қосатын болады.

«Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес өңірде жаңа жұмыс орындарын ашу, инвестиция тарту бойынша жоспарлы жұмыс жүргізілуде. Былтыр қыркүйекте облыс әкімдігі мен «KazPetroDrilling» АҚ арасында Жаңаөзен қаласында зауыт салу жөніндегі жобаны іске асыру бойынша өзара түсіністік туралы меморандумға қол қойылды. Бұл жоба жаңа жұмыс орындарын ашып қана қоймай, өңірдің экономикасын әртараптандыруға ықпал ете отырып, жергілікті бюджетке түсетін түсім көлемін арттырады. Өндірістік тиімділікті жақсартуға баса назар аудара отырып, өңдеу өнеркәсібі мен отандық өндірісті дамыту жөніндегі шараларды жалғастыру қажет», – деді Н.Ноғаев.

«Жаңаөзенде жаңа зауыт салу – бұл инфрақұрылымға ғана емес, өңірдің келешегі мен тұрақтылығына жасалған құнды инвестиция. Біз экономика мен әлеуметтік тұрақтылықты нығайта отырып, жаңа жұмыс орындарын ғана емес, қаланың әрбір тұрғынының дамуы үшін жаңа мүмкіндікке жол ашамыз. Бұл зауыттың іргетасына қаланған әрбір тас – қаланы дамытуға деген ниетіміздің белгісі. Жоба – стратегиялық инвестицияның қалалардың дамуына тигізетін оң әсерінің жарқын мысалы деуге болады. Біз Жаңаөзенді өз үлгісімен компаниямызды ғана емес, бүкіл өңірді табысқа жетелейтін дамыған өнеркәсіп орталығы ретінде көргіміз келеді», – деді М.Мырзағалиев.



ЖАҢА ҒИМАРАТ ПАЙДАЛАНУҒА БЕРІЛДІ

**№3 МҰНАЙ ГАЗ ӨНДІРУ БАСҚАРМАСЫНДА ҚУАНЫШТЫ
ЖАҒАЛЫҚ ОРЫН АЛЫП, ЖАҢА ЗЕРТХАНА ЖҰМЫСТАРЫ ЦЕХЫ
ПАЙДАЛАНУҒА БЕРІЛДІ.**



Жыл
«ӨМГ» АҚ 1964-2024



Ашылу салтанатына бас директордың өндіріс жөніндегі орынбасары Жанболат Саймағанбетов, Күрделі құрылыс департаменті директоры Бисен Ратов, ардагер мұнайшылар, сонымен қатар аталмыш басқарма кәсіподағы Валерий Қаржаубаев пен еңбек ұжымы қатысты.

– Ортақ қуаныш құтты болсын. Заман талабына сай жасалған ғимарат игілігіңізге жарасын. Алдағы уақытта кең, таза, жайлы орында нәтижелі жұмыс көрсете беріңіз, – деді Жанболат Саймағанбетов өз сөзінде.

Басқарманың ардагер мұнайшылары көпшілікке ақ тілегін жеткізіп, бата берді.

30 орынды жаңа нысан соңғы үлгідегі технологиямен жабдықталған. Скважинаны зерттеу мамандарына арналған жұмыс кабинеттері, акт залы, асханасы, киім ауыстыру, демалыс бөлмелері қарастырылған.



**«ӨЗЕНМҰНАЙГАЗ»
АҚ БАСШЫЛЫҒЫ
МЕН ҚОҒАМ
ЖҰМЫСКЕРЛЕРІНІҢ
КӘСІПОДАҚ
ТӨРАҒАЛАРЫ ЖАҢА
ҰЖЫМДЫҚ ШАРТҚА
ҚОЛ ҚОЙДЫ.**



«ӨМГ» АҚ МЕН КӘСІПОДАҚТАР ЖАҢА ҰЖЫМДЫҚ ШАРТҚА ҚОЛ ҚОЙДЫ



Жыл
«ӨМГ» АҚ 1964-2024

М аңызды құжатқа қол қою рәсіміне «Өзенмұнайгаз жұмысшыларының жергілікті кәсіподағы» ҚБ төрағасы Бекқали Уақбаев, «Жаңаөзен мұнайшыларының жергілікті кәсіподағы» ҚБ төрағасы Серік Бекбергенов, «Маңғыстаулық жергілікті мұнайшылар кәсіподағы» ҚБ төрағасы Бахтияр Бөлекбаев пен қоғамға қарасты өндірістік басқарма директорлары және кәсіподақ төрағалары қатысты.

Жұмысшылардың әлеуметтік-экономикалық және еңбек құқықтарын қорғауды күшейтуді қамтамасыз ететін негізгі құжат алдағы үш жылға арналған.

Жаңа шарт мұнайшыға қолайлы жағдай жасау, олардың еңбек және әлеуметтік кепілдігін сақтауды қамтамасыз ету мақсатында қабылданды.

Араға 7 жыл салып жаңарған құжатта екі тараптың да өзара қарым-қатынастары нақты көрсетілген.

– Бірнеше айға созылған процесс бүгін өз мәресіне жетті. Бұл тарихи сәт. Шартты әзірлеу барысында қаншама пікірталас болды. Ұсыныстар назарға алынып, бірқатар жаңа пункттер енгізілді. Еңбек адамының жұмыс жасауына қолайлы жағдай туғызуға бағытталған құжат әрбір қызметкердің әлеуетінің артуына септігін тигізеді, – деді Нұрдәулет Қилибай.



ПАРАЛИМПИАДАШЫЛАРҒА АРНАЛҒАН СПОРТ КЕШЕНІ АШЫЛДЫ



**«ӨЗЕНМҰНАЙГАЗ» АҚ ҚАРЖЫЛАЙ
ДЕМЕУШІЛІГІМЕН САЛЫНҒАН
«АЛҒА» ПАРАЛИМПИАДАЛЫҚ
СПОРТ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ АШЫЛУ
САЛТАНАТЫ ӨТТІ.**

Шараға Маңғыстау облысы әкімі Нұрлан Ноғаев, Жаңаөзен қаласы әкімі Жансейіт Қайнарбаев, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ басқарма төрағасы Мағзұм Мырзағалиев пен бас директор Нұрдәулет Қилыбай қатысты.

КМГ атынан басқарма төрағасы спорт клубының қажетіне спортшылардың жүріп-тұруына ыңғайлы «Toyota Hiace» микроавтобусын тарту етті.

«Алға» мүгедектер спорт клубы 1993 жылы құрылған. Негізін қалаушы – Амантұрлы Қылышбаев. Қазіргі таңдағы төрағасы –





Құралбек Сейітов. Бүгінде мұнда 17 секцияда 100-ге жуық паралимпиадашы спортпен шұғылданады. Олардың қатарында республикалық және халықаралық жарыстардың бірнеше дүркін чемпиондары бар. Сонымен қатар клуб спортшылары биыл Парижде өтетін паралимпиада ойындарына жолдама алды.

Толық біткен екі қабатты заманауи ғимаратта лифт пен талапқа сай пандус, сауна, ер мен әйелдерге арналған киім ауыстыратын, жуынатын бөлме, әжетхана, демалысқа арналған орын, компьютермен жабдықталған кабинеттер, тренажер және волейбол залы бар. Мердігер мекеме – «Lion Construction Group» ЖШС.

Клубта осы уақытқа дейін жеке спортзал болмаған. Спорт залдың берілуі тірек-қимыл аппаратында ақауы бар азаматтардың үздіксіз дайындығына мүмкіндік туғызып отыр. Кез келген мүмкіндігі шектеулі азамат көңілі қалаған уақытта орталыққа келіп, шыныға алады.



ГЕОЛОГТАР КҮНІНЕ ОРАЙ ҒЫЛЫМИ- ТӘЖІРИБЕЛІК КОНФЕРЕНЦИЯ ӨТТІ

**КОМПАНИЯНЫҢ 60 ЖЫЛДЫҒЫ АЯСЫНДА ЖӘНЕ
ГЕОЛОГТАРДЫҢ КӘСІБИ МЕРЕКЕСІНЕ ОРАЙ АЛҒАШ РЕТ ҒЫЛЫМИ-
ТӘЖІРИБЕЛІК КОНФЕРЕНЦИЯ ӨТТІ. КӨПТЕН ҮЗІЛГЕН ҮРДІСТІ
ЖАЛҒАП, ҒЫЛЫМИ ОРТАНЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ МАҚСАТЫНДАҒЫ
ШАРА ӨЗІНІҢ АЛҒА ҚОЙҒАН МАҚСАТ-МІНДЕТТЕРІН ТОЛЫҚ
ОРЫНДАП ШЫҚТЫ.**



Корпоративті оқу орталығындағы конференцияның ұйымдастырылуына бас директордың геология және игеру жөніндегі орынбасары Дамир Шырақбаев мұрындық болып, мұнай газ саласы ардагерлері Аманжан Өтесінов, Ахмет Жандосов, Гүлнар Сәтқалиевалар шақырылды.

– Адамды емдейтін дәрігер болса, скважинаны «емдейтін» – геолог. Қара жер қойнауын игеруге геологтардың қажеті жоғары. Әріптестеріме, ізбасарларыма кәсіби мереке құтты болсын, еңбек жемісті болсын, – деді ардагер-геолог Аманжан Өтесінов.

Конференцияда мұнай қоры көлемін арттыру бағытында жаңа технологияларды енгізу, сейсмикалық зерттеулер, кен орынды тиімді игеру, модельдеу, қорды бағалау, геофизикалық зерттеу жұмысы кезінде бригаданың бос тұрыс уақытын азайту т.б. тақырыпта 12 баяндамашы өз жобасын таныстырды.

Нәтижесінде №2 МГӨБ, №9 МГӨК инженер-геологы Серік Төлекешевтің «Механизм естественного восполнения запасов с отражением перспективных зон нефтегазонакопления на примере месторождений АО «Озенмұнайгаз» атты жобасы «Үздік жоба» деп танылды. Кен орынды игеру департаментінің аға инженері Асабай Таласбаевтың «Заводнение термальной (горячей) воды» жобасы «Үздік зерттеу», №1 МГӨБ, №2 МГӨК техник-геологы Саламат Жайылғановтың «Сопоставление результатов сейсморазведки и скважинных данных для определения перспективных объектов за пределами горного отвода» жобасы «Үздік тәжірибе», ҚазҒЗЖМ Геология және геологиялық барлау қызметінің инженері Маржан Естаубаеваның «Гидрогеотермальные подземные воды Мангистау и перспективы их освоения» жобасы «Үздік серіктестік» аталымына ие болды.



Қатысушылар мен үздіктерге мадақтама және естілік сыйлықтар табысталып, ҚазҒЗ-ЖМ директорының бірінші орынбасары Мақсат Тәжібаев пен ардагер-геологтар игі тілегін жеткізді. Дамир Шырақбаев атаулы конференция геологтар блогының қолдауымен өткенін айта келе:

– Ауызбіршілікпен өтетін жоғары деңгейдегі іс-шарамыз көп болсын. Бұл бастама геология саласының дамуына әсер етіп, мамандардың мәртебесін асырады, – деп қорытындылады.

ГЕОЛОГИЯ САЛАСЫНЫҢ ҚЫР-СЫРЫ

**ГЕОЛОГ КЕН
ОРЫННЫҢ АШЫЛУЫНАН
БАСТАП, ИГЕРУ
КЕЗЕҢІНІҢ БАРЛЫҚ
САТЫСЫНДА
ҚЫЗМЕТ АТҚАРАТЫН
ЖАУАПТЫ ТҰЛҒА,
АЛДЫҢҒЫ ҚАТАРДАҒЫ
ҚАЖЕТТІ МАМАН
ИЕСІ. ГЕОЛОГИЯЛЫҚ
БАРЛАУ, СКВАЖИНАНЫ
БҰРҒЫЛАУ, ЖАН-ЖАҚТЫ
ЗЕРТТЕУ МЕН МҰНАЙ
ГАЗ ҚОРЫН САНАУ
ЖӘНЕ ОНЫ ТИІМДІ
ИГЕРУ ЖҰМЫСТАРЫН
АТҚАРУДА ГЕОЛОГТЫҢ
КӘСІБИ БІЛІКТІЛІГІ
ОҢТАЙЛЫ ШЕШІМДЕРДІ
ҚАБЫЛДАУҒА ЫҚПАЛ
ЕТЕДІ.**



Жыл
«ӨМГ» АҚ 1964-2024

Қазіргі таңда 245-тен астам геолог компания дамуына тиімді әдістерді қолдана отырып, төмендегі бағыттар бойынша жұмыс істейді.

- Барлау жұмыстары, мұнай және газ қор көлемін толтыру және қадағалау;
- Скважиналарды бұрғылау, іске қосуды жоспарлау;
- Геофизикалық, гидродинамикалық зерттеулер мен ату-жару жұмыстарын ұйымдастыру;
- Скважиналарда күрделі жөндеу жұмыстарын ұйымдастыру, техникалық жағдайын бақылау;
- Қабат қысымын тұрақты сақтау және тиімді су айдау жүйесін жүргізу;
- Мұнай газ өндіруді арттыру мақсатында жаңа технологияларды енгізу;
- Геологиялық-техникалық шаралар жасақтау мен талдау сияқты қызметтерді атқарып, өндірістің жұмысына қажетті ақпарат пен көрсеткіштерді беруде.

Мұнай балдырлар мен өсімдік қалдықтары сияқты органикалық заттардан түзіледі. Олар миллиондаған жылдар бойы жер қойнауында жоғары қысым мен температура әсеріне ұшырайды. Диагенез деп аталатын бұл процесс органикалық материалдарды көмірсутектерге айналдырып, мұнай мен табиғи газ түзеді. Тау жыныстарының түрі мен тереңдігі сияқты геологиялық жағдайлар мұнай түзілу процесі мен сапасына қатты әсер етеді.

Өндірісте мұнай ресурстары мен қорын бағалау – мұнай кен орындарын игерудегі маңызды кезең. Геологтар жер асты түзілімдеріндегі мұнай қорының мөлшері мен көлемін анықтау үшін сейсмикалық томография, бұрғылау және басқа да геологиялық әдістердің деректерін пайдаланады. Бағалау геологиялық құрылым, кеуектілік және тау жыныстарының өткізгіштігі сияқты параметрлерді ескере отырып жүргізіледі, бұл кен орынның коммерциялық құндылығын нақты анықтауға мүмкіндік береді. Геологтардың бұл жұмысы кен орынның болашақ

әлеуметтік және экономикалық жағдайына жоспар құруына және айқын қадамдар жасауына үлкен көмегін тигізетіні анық.

Мұнай геологиясындағы жетістіктерге қарамастан, сала алдында жаңа қауіптер бар. Бұған шалғай және күрделі жағдайларда жаңа кен орындарын іздеу және игеру, сондай-ақ әлеуметтік, экологиялық аспектілерді ескере отырып, кен орынды тұрақты пайдалану кіреді.

ГЕОЛОГИЯ ҚЫЗМЕТІ – КОМПАНИЯ СТРАТЕГИЯСЫНДА

Компанияның стратегиялық маңызды бағытының бірі – мұнай газ қорының сарқылмауы және де өсуіне бағытталған жұмыстарды тұрақты атқару болып табылады. 2023 жылдың қорытындысы бойынша, ҚазГЗЖИ атқарған жұмыстар аясында Геология комитетінің Мемлекеттік қор санау комиссиясының отырысында келесі есептер қорғалып, көмірсутек қорының келесідей өсуі бекітілді:

– Өзен кен орны – геологиялық/алынатын мұнай қорлары 3249/977 мың тоннаға, геологиялық/алынатын газ қорлары 1231/889 млн м³.

– Қарамандыбас кен орны – геологиялық/алынатын мұнай қоры 2619/1149 мың тоннаға, геологиялық/алынатын газ қоры 900,5/964,4 млн м³.

– Оңтүстік Жетібай кен орны – алынатын газ қоры 29311 млн м³.

Аталған жұмыстар, мұнай өндіру жоспарын орындау барысында жете көзге түспегенімен, тиімді қайта барлау іс-шаралары мен зерттеу жұмыстарының арқасында қол жеткізген нәтиже болып табылады. Алдағы жылдары да Өзен кен орны бойынша Парсымұрын, Солтүстік Парсымұрын күмбездерінде, бұрын мұнай қоры балансында ашылмаған қабаттар бойынша, сонымен қатар Батыс Теңге кен орны бойынша алынатын мұнай қорын өсіру жоспарлануда.

ГЕОЛОГИЯ БОЙЫНША ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАР

Қоғам бойынша Өзен және Қарамандыбас кен орындарын Оңалту жобасы бағдарламасына сәйкес жаңа технологияларды енгізу арқылы кен орындардың өндіру коэффициентін ұлғайту көзделуде. Атап айтқанда, 2024 жылы полимерлі су айдау технологиясы, қабатты радиалдық тәсілмен қазу, газодинамикалық жару және термобарохимиялық өңдеу жұмыстарын жүргізу жоспарға енгізілді.

Сонымен қатар мұнай өндіруін көбейтуге немесе ұңғымалардың пайдалану қорын бір қалыпты ұстап тұру мақсатында кен орындарда жаңадан ұңғымалар қазу жұмыстары жүргізіледі. Уақытылы бұрғылауды жүргізіп, жаңа ұңғымаларды іске қосу Қоғам бойынша негізгі көрсеткіштердің бірі болып саналады.

Өзен-Қарамандыбас кен орындарында 2022-2023 жылдар аралығында бұрғылау сапасын арттыру мақсатында әртүрлі технологиялық бастамалар бойынша тәжірибелік өндірістік сынақтар (ОПИ) өткізілді. Соның ішінде тиімділігі жағынан:

– 8 саптамалы 16/32, 220,7 мм 516 PDC қашауды қолдану;

– Кинематикалық қатынасы 4/5 болатын 172 мм бұрандалы қозғалтқыш (ВЗД) қолдану;

– Айналу жиілігі 500 айн/мин дейін, кинематикалық қатынасы 2х3 болатын бұрандалы қозғалтқыш (ВЗД) қолдану. Аталған жұмыстар бұрғылау қондырғысының жұмыс сапасын арттыруға үздіксіз қызмет етуге, жағдайды жақсартуға, өндіріс көлемін ұлғайтуға тигізер пайдасы орасан зор.

Бүгінгі таңда цементтің сапасы ұңғыма сағасы бойынша орташа көрсеткіштер 87%–ға, өнімді горизонт бойынша 90,9% ға жетті. Барлық қазылған ұңғымалардың вертикалдық траекториясы 2 градустан аспайды және 2023 жылдың нәтижесі бойынша барлық ұңғымалар күрделі апатсыз жағдайда қазылып шықты.

Жоғарыда аталған жұмыстар компаниямыздың геология қызметінде мұнай және газ қорының толтырылуын және тиімді өндірілуіне үлкен жауапкершілікпен қарап, нәтижелі іс-шаралардың дәлелі болып, болашаққа сеніммен қарауға мүмкіндік береді.

ГЕОЛОГИЯНЫҢ СЫРЛЫ ӘЛЕМІНЕ САЯХАТ

ӨЗЕН КЕН ОРНЫНАН ОТАНЫМЫЗДЫҢ ҚАЗЫНАСЫНА ҚҰЙЫЛЫП ЖАТҚАН МИЛЛИОНДАҒАН ТОННА МҰНАЙДЫ ӨНДІРУ БАРЫСЫНДА ГЕОЛОГТАРДЫҢ МАҢЫЗДЫ РӨЛІ БІРДЕ-БІР РЕТ БӘСЕҢСІГЕН ЕМЕС. БҮГІНГІ ТАҢДА ДА ЖАҢАӨЗЕНДІК ГЕОЛОГТАР ӨНІМДІ ЕҢБЕК ЕТІП, ӨНДІРІС ІСІНІҢ ӨРЛЕУІНЕ ӨЗІНДІК ҮЛЕСІН ҚОСЫП КЕЛЕ ЖАТЫР. БҰЛ АҒА БУЫН ГЕОЛОГТАРДАН БЕРІ ЖЕЛІСІН ҮЗБЕГЕН ИГІ ДӘСТҮР, ЕРЕН ЕҢБЕК.

Роза ШОЛПАНҚҰЛОВА,
№4 МГӨБ, №6 МГӨК аға геологы

Ертеден ерімен қатар ел шаруасына араласып, өз ойын анық жеткізе білетін қазақи қоғамның салт-дәстүрі өзгермек емес. Технология өзгеріп, техника дамыса да, қазақ жарының ер азаматпен қатар қызмет етіп, ел игілігіне үлес қосу мүмкіндігіне шектеу болған жоқ. Ерлермен бірге тер төгіп, өңір өндірісіне сүбелі үлес қосып жүрген маманның бірі – **Роза ШОЛПАНҚҰЛОВА.**

Роза Қасаболатқызы 1963 жылы Жамбыл облысында мұғалімдер отбасында дүниеге келген. 1985 жылы Алматы қаласындағы Қазақ политехникалық институтын тау кен инженері мамандығы бойынша тәмамдап, «Өзенмұнай» мұнайгаз өндіру басқармасына 5-дәрежелі мұнай газ өндіру операторы қызметіне жолдамамен келген.

1986-1987 жылдары технолог, пультамен басқару операторы қызметінде болған ер мінезді қайсар қыз өзінің қатал әрі талапшыл қасиетімен көзге түсіп, 1993 жылы №6 МГӨК-тің аға геологы лауазымына тағайындалады. 1990 жылдарда орын алған қиын кезеңде мұнай өнімін арттыру жолында майталман мамандар, атап айтатын болсақ, марқұм, сол кездегі бас геолог Түгелбай Орынбаев және Ғалия Құлсариеваның басшылығымен еңбек еткен.

Қызмет жолында ол Шолпан Пангереева, Әлия Ахонова, Екатерина Чоматова, Шәрипа Қайырбаева сынды әріптестерімен қатар геология саласына өлшеусіз үлес қосып келеді.

Басшылық, әріптестері Роза Шолпанқұлованы 39 жыл геология саласында мұнай жоспарының орындалуына үлкен үлесін қосып, жетістікке жеткен білікті маман ретінде біледі. Осы жылдар ішінде өзінің тәжірибесімен бөлісе жүріп, көптеген жас мамандар тәрбиеледі. Розаның шеберлік шыңдау мектебінен өткен Күләш Аралова, Жадыра Шырақбаева, Амангелді Режепов, Анар Бәшенова, Әлия Жакова, Жеңісгүл Қосниязова, Нұрсұлтан Мұхамеджан, Адай Дүйсенбаев есімді жас мамандар қазіргі таңда инженерлік қызметті атқарып келеді.

Геология саласының жілігін шағып, майын ішкен білікті маман ретіндегі қоғамдағы, ұжымдағы орны ерекше. Көпшілік кәсіби қырын естіп, сыйлап жатса, ұжым ісіне адалдығы мен адами қасиеті үшін бағалап сыйлайды. Өзінің біліктілігімен, білімімен ауыр да жауапты жұмысты ұзақ жыл мүдірмей атқарып келе жатқан еңбекқор Розаның еңбек жолы көпшілікке сөзсіз үлгі-өнеге.

МЕРЕКЕ ҚҰЛСАРИЕВ, №3 МГӨБ-ке қарасты №13 МГӨЦ аға геологы

Жер қойнауына қатталған көмбені тауып, жаңалық ашу, оның қандай тереңдікте жатқанын, көлемін анықтау, бір сөзбен айтқанда мұнай өндіруге қатысты ерекшеліктерді егжей-тегжейлі зерттеу геолог мамандарға жүктелген.

Сәуір айының бірінші жексенбісінде тойланатын кәсіби мереке қарсаңында геологтар әулетінен шыққан, №3 МГӨБ-ке қарасты №13 МГӨЦ аға геологы Мереке Құлсариев туралы сөз қозғағанды жөн деп шештік.

Мереке Құлсариев 1987 жылы Жаңаөзен қаласында өмірге келген. Әкесі – Қолғанат Құлсариев Жаңаөзен қаласының құрметті азаматы, ардагер мұнайшының бірі 1995-1997 жылдары компанияның бас геологы, 2002-2004 жылдары перспективалық даму бағытындағы вице-президент болып жұмыс істеген. Анасы – Меделхан Шәкіратова, “Денсаулық сақтау ісінің үздігі”. Көп жылдар бойы Маңғыстау медицина колледжінде директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары болып адал еңбек еткен ардақты жан.

Тәлімді отбасының өнегесін көріп өскен Мереке №8 орта мектепте білім алып, Алматыдағы Қаныш Сәтбаев атындағы ҚҰТУ-ға геология мамандығына оқуға түседі. Сапалы білім, саналы тәрбиені тоғыстырған ол магистрант атанады.

– Мамандық таңдауыма тікелей әкем ықпал етті. Әкеме қарап сол кісі сияқты білікті маман, ел игілігіне еңбек ететін азамат болуды көздедім, – дейді.

Әке салған сара жолға Мереке Қолғанатұлы ғана түспеген. Ағасы Нұрғали – «Өзенмұнайсервисте» геолог, апалары Ғалия ардагер-геолог, Света – Бұрғылауда геолог, жеңгесі Қасиет ҚазҒЗЖ мекемесінде геолог. Бүгінде Құлсариевтарды – геологтар әулеті десек еш қателеспейміз.



Мақала кейіпкері 2011 жылы №3 МГӨБ зерттеу жұмыстары цехына оператор болып орналасқан. Жылдар өте тәжірибемен шыңдалып, біліктілік жинаған маман №13 МГӨК-тің аға геологы болып тағайындалады.

– Кәсібім ұнайтындықтан жұмысты жақсы көріп істеймін. Қызмет барысында түрлі қиындықтар кездеседі, олардың оңтайлы шешімін табу мен үшін қызық. Бұл салада жүргеніме он жылдан асса да ізденісті тоқтатқан емеспін, себебі сала соны талап етеді, – дейді қызметімен таныстырған Мереке.

Айтуынша, бос уақытында спортпен шұғылданып, футбол тамашалағанды жақсы көреді.

Келіншегі Ажар Көшкінбаева «Өзенэнергомұнай» басқармасында эколог. Екеуі ұл мен қызды жеткізіп отырған тату-тәтті отбасы. Қыздары Ақмейір мен Нұрила мектепте оқиды, оқуда озат, бірі домбыра тартқанды ұнатса, кішісі көркем гимнастикамен айналысады. Екеуінің соңынан ерген екі жасар егіз тентектері бар, есімдері – Жұбандық пен Қуандық.

– Мен үшін отбасымның орны ерекше. Әке-шешем бізге тәрбие, білім беріп ғана қоймай, өмірге жол нұсқай білді. Әкем 2015 жылы, анам 2019 жылы өмірден өтсе де, сол үлгі-өнегені ұрпағымызға көрсетіп келеміз. Ертеңгі күні балаларым жер қойнауы толған ырыс пен берекені, ел игілігіне ұсынатын абзал мамандық иесі болам десе, қатты қуанар едім, – дейді ертеңгі күнге артқан үмітімен бөліскен асылдың сынығы.



Өмірбек АРАЛБАЕВ,
*№1 МГӨБ-тің Геология және кен
орындарын игеру бөлімі бастығының
орынбасары*

Жер үстіндегі, көз алдымыздағы кейбір дүниелердің парқына жете алмай жүрген шақта, жер астын зерттеп, ондағы кен байлықтың мөлшерін анықтайтын мамандықтың барлығы – ғылымның қаншалықты алға қарыштағанын көрсетеді. Жер астындағы пайдалы қазбаларды зерттеп, кімге қандай пайдасы бар екенін сараптайтын геологтар бүгінде кез келген өндіріс орнының аса қажетті маманына айналған.

Сондай азаматтың бірі 24 жылға жуық геология саласында еселі еңбек етіп жүрген, қазіргі уақытта №1 МГӨБ-тің Геология және кен орындарын игеру бөлімі бастығының орынбасары Өмірбек Аралбаев.

– Өмірде бәрі адам баласының ұмтылысы, ынта-ықыласы нәтижесінде қолға тиеді. Сәби өзін танып-білуге ұмтылып, алғашқы қадам жасаса, ересек адам да жердің үстін зерттеп қоймай, астындағы «кереметтермен» танысқысы келеді. Сол ұмтылысының нәтижесінде жаңа кен орындар ашылып, қазба байлықтар қазылған. Біздің мамандығымыз атаулы жұмыс барысында нақты ақпар беруге бағытталады, – дейді жұмысы туралы.

Өмірбек Ағатайұлы 1977 жылы 12 наурызда Түрікменстанда көп балалы қарапайым отбасында дүниеге келеді. 1984-1992 жылдары Жебел кентінде №14 орта мектебін, 1992-1996 жылдары Небит-Тау қаласында мұнай газ техникумын бітірген. Мұнай саласына еңбекке араласып, мамандығын дамыту жолында 2002-2005 жылдары Шахмардан Есенов атындағы университетте мұнай және газ геологиясы мамандығын игеріп шыққан.

1998 жылы №2 МГӨБ-ке жөндеуші болып кірген ол кейін ЗЖЦ операторы, инженер, инженер геолог, кен орын игеру департаментінің аға инженері болып қызмет етіп, 2016 жылы қазіргі лауазымға тағайындалды.

Өмірбектің геология саласына келуінің өз қызығы бар. Айтуынша, жөндеуші болып жұмыс істеп жүрген кезі. 22 жастағы жас маман Зерттеу жұмыстары цехының ғимаратын көріп, әріптесінен «бұл не?» деп сұрайды. Ол болса бүкіл мұнай өндірісін зерттейтін осы жер деп талапты жастың қызығушылығының оянуына түрткі болады. «Мен де сол жерде істейтін боламын» деген тілегін Жаратқан, сірә, құп алған болар, оқуға түсіп, геолог маман боп шыға келеді. Айтуға жеңіл болғанымен, үлкен еңбек пен табандылық Өмірбек Аралбаевты алға сүйреуші негізгі күш.

Жігерлі азамат бос уақытын құран оқуға, егін егуге арнайды.

– Адам алдымен өз мінезімен, отбасымен көркем. Жарым Ақмаржан мектепте мұғалім. Баланың алды 23 жаста, отбасылы, әке болды. Өзгелері оқушы, – дейді әріптес.

Өмірбек Аралбаев геология жайында сағаттап сөйлеуге болатынын, кәсібиңді сүйіп, қызығып істесең, адам жаны рахаттанатынын айтып өтті.

Гүлзира ӘБІШАЕВА, №1 МГӨБ, №1 қабат қысымын сақтау цехы аға геологы міндетін атқарушы

Ұзақ жылдан бері маңызды әрі қызықты салада сапалы қызмет етіп келе жатқан жанның бірі – №1 қабат қысымын сақтау цехы аға геологы міндетін атқарушы Гүлзира Әбішаева.

Еңбекқор Гүлзираның тағдыр тоғыстырған геолог мамандығын адал атқарып, маңдай терімен еңбек етіп келе жатқанына 38 жылға жетіпті. Ағасы қарындасын тіс дәрігері ретінде елестеткенмен, табанды қыз өзі ұнатқан мамандықты таңдады. Ол туралы:

– 1967 жылы Түрікменстанда дүниеге келдім. 1972 жылы отбасымыз Теңге ауылына көшіп келді. Ауыл мектебінде білім алдым. Әкемнің ағасы тіс дәрігері болып, көптің алғысын алғанымды қалағанымен, мен экономист болуды армандадым. Алматыға барып, қалауымдағы мамандыққа құжат тапсырдым. Бірақ оқуға түсе алмадым. Содан үйде құр жатпайын деп «Өзенмұнай» кәсіпшілігіне оператор ретінде жұмысқа орналасып, Алматыдағы политехникалық институтты мұнай газ ісі бойынша сырттай оқыдым, – дейді өткеніне көз жүгіртіп.

1986 жылдың басынан бастап қол үзбей мұнай саласында жүрген маман бастапқыда мұнай және газ өндіру жөніндегі оператор, кейін басқару пульті диспетчері, орталық инженерлік-техникалық қызмет технологиясы, кезек басшысы, геолог қызметін атқарады. Мықты геологтар мектебінен өтіп, біліктілігін шыңдайды. Айтуынша, Алтынгүл Есенғалиева екеуінен басқа әріптестерінің дені жастар. Тәжірибелі мамандар кейінгі жасқа білгенін үйретіп, үлгі-өнегесін көрсетіп келеді. Аманжан Өтесінов, Гүлнәр Сәтқалиева, Әсия Өтесінова, Ұлмекен Өзімова, Жібек Ұзақбаева, Рая Әнкешова сынды ардагер-геологтардың қамқорлығына алғыс айтады.

– Геолог – асқан жауапкершілікті талап ететін кәсіп. Біз өзімізді скважинаның «дәрігері» деп білеміз. Күніміз скважиналардың хал-жағдайын бақылаудан басталады. Алдымен қабат қысымын өлшеп, «жүрек соғысын» геофизикалық әдіспен тыңдаймыз. Қай бөлігінде май, қай бөлігінде сужиналғанын анықтап, сапалы өнім беруі үшін жағдай жасаймыз. Игерілетін мұнай көлемі тікелей скважинаның жағдайына байланысты екенін ескерсек, геология мұнай саласының жүрегі деп айтуға толық негіз бар. Өнімі аз скважинаны ағымдағы немесе күрделі жөндеуге жібереміз. Геологиялық зерттеусіз жер ана байлығын игеру мүмкін емес, – дейді Гүлзира Әбішаева.

Қызметін отбасымен қатар алып жүрген қайратты жан бүгінде ұлы Абзал мен қызы Аянатты өсіріп, жеткізіп келеді. Өткен күндерін еске алып:

– Абзалым кен орында өскен бала. Күндіз мен жұмыста, ол балабақшада болғанымен, кешкісін екеуміз де өндірістен табылатынбыз. Осылай ержеткен ұлым болашағын мұнай саласымен байланыстырды. Жұмыстың ауыртпалығын, жауапкершілігін алға тартқаныма қарамай, Ш.Есенов атындағы КМТЖИУ геофизика саласына оқуға түсті. Биыл соңғы курста. ҚазҰЖМ өндірістік тәжірибеден өтіп жатыр. Қызым Аянат мектепте оқиды, – дейді.

Кәсібін сүйіп, ертеңіне сеніммен қарайтын маман, аяулы ананың бейнесі осындай. Алдағы күннен күтетін жақсылығы да көп. Бүгініне шүкірлік айтып, ертеңіне құлшылық жасап, адал еңбектің арқасында бақытты ғұмыр кешіп жүрген әріптеске көп рахмет айтамыз.

Наурызбай КӨШЕНОВ, №4 МГӨБ қарасты №7 МГӨК-те геолог

№4 МГӨБ қарасты №7 МГӨК-те геолог болып қызмет ететін Наурызбай Көшенов саланың қыр-сырын тануға ұмтылған маман. – Геология саласы ізденуді, еңбекті, күш-жігерді талап ететін кәсіп. Апамның кеңесімен осы саланы таңдадым. Мамандығым ұнайды, – дейді кейіпкеріміз.

Ол 1994 жылы Жаңаөзен қаласында өмірге келіп, 2016 жылы Ш.Есенов атындағы КМТЖИУ геология және пайдалы қазбалар-





ды барлау мамандығын қызыл дипломмен бітірген. Еңбек жолын 2017 жылы компанияның «Жас маман» бағдарламасы бойынша бастап, техник-геолог, оператор, геолог болып еңбек етеді.

– Сала қызықты болғанымен, жауапкершілігі жоғары. Өндірістегі ақпардың бәрі геологтың алдынан өтеді. Бұл тұста ақпаратқа, жүзеге асатын геологиялық-техникалық іс-шараларға пікірің мен үлесіңді қосуға мүмкіндігің бар. Орындалысы да қадағалауымызда болады. Өзің басы-қасында болған іс-шара нәтижесін көру мен үшін үлкен ғанибет. Кен орындағы скважиналардың жағдайын бақылау тікелей біздің міндетімізге жатады. Тоғетері мұнай және газ өнімділігіне тікелей ат салысамыз, – дейді.

Өз ісін адал атқаратын Наурызбай Өтесінұлы жұмыстан тыс уақытында футбол, шахмат ойнайды. Спорт оған ләззат сыйлайды. Зейнеткер әке-шешесі, жары мен қызына да көңіл бөліп тұрады.

– Балаларымның болашақта геолог болғанын қалар едім. Себебі Қазақстанда геология саласының болашағы зор, кең байтақ даламызда зерттеп, игерілуі керек жерлер өте көп. Мұны геологтар анықтап, ел игілігіне, экономикамызды көтеруге пайдаға асырса деймін, – дейді Наурызбай Көшенов.

«Жас келсе іске» демекші, өзі таңдаған мамандықтың бүге-шігесін жақсы білетін азамат геология саласының майталманы болуды көздейді. Білікті маман қашан да бағалы. Талапты жанның ел игілігі үшін атқарып жүрген қызметіне сәт, отбасына амандық тілейміз.

Түймеш ӘДІЛОВА, **№3 МГӨБ-тің Геология және кен орындарын** **игеру бөлімінің аға геологы**

Жер қойнауындағы жасырын жатқан кенді зерттеп, оны адамзат игілігіне жаратуға тікелей ат салысатын геолог мамандар екені сөзсіз. Өңірдегі мұнай өндіру ісінің басы-қасынан табылып, кәсібіне ғұмырының 33 жылын арнаған адал жанның бірі әрі бірегейі – №3 МГӨБ-тің Геология және кен орындарын игеру бөлімінің аға геологы Түймеш Әділова.

– Аз-кем өмірбаяныңызға тоқталып кетсеңіз.

– Атырау облысы Жылыой ауданында қарапайым шаруа отбасында 1968 жылы 28 мамырда дүниеге келдім. 1985 жылы орта мектепті бітіріп, Алматыдағы қазіргі Қаныш Сәтбаев атындағы политехникалық институтқа түстім. 1990 жылдан бері «Өзенмұнай-газ» жүйесінде жұмыс істеп келемін.

– Геология саласына қалай келдіңіз?

– Бізді жоғары сыныпта бір күн оқу-өндірістік комбинатта оқытатын. Сол кезде мен мұнайшы оператор мамандығына барып, куәлік алдым. Геология мамандығын кейін жұмыста жүргенде қызығушылық пайда болып таңдадым.

– Еңбек жолыңыз қалай басталды?

– 1990 жылы қолына дипломын алған жас маман ретінде Мұнай дайындау және айдау цехына оператор болып орналастым. 1995 жылы Қабат қысымын сақтау цехына геолог болып ауысып, міне содан бері 28 жыл геология саласында қызмет етіп келемін.

– Геолог жұмысының ерекшелігі, жалпы атқаратын қызметі туралы айтып берсеңіз.

– Жұмыс өзіме ұнайды. Мұнай өндіруге тікелей ат салысамыз. Біздің мұнай газ өндіру басқармасы 2019 жылы «Жеті қарақшы» деген атпен жаңа нысанды іске қосып, нәтижесінде жаңа скважиналар қазылды. Тәулігіне 10 тонна өнім алдық. Қазіргі таңда Өзен кен орнын оңалту жобасы бойынша жаңа технологиялар мен ұмыт болған әдістер қайта жаңғыртылып жатыр. Геолог жұмысы мұнай өндіруде үлкен жауапкершілік арқалайды.

– Геология мамандығының болашағын қалай елестетесіз?

– Геология сұраныс болмай, жойылып кететін мамандық қатарынан емес. Әлем бойынша жаңа кен орындар ашылып жатқанын естіп-біліп жүрміз. Сол істің басы-қасында геологтар жүр. Елімізде Менделеев кестесіндегі барлық пайдалы қазбалар бар дейміз ғой, соларды ел игілігіне жаратуда геологтардың үлесі көп.

– Отбасыңыз туралы айтсаңыз.

– Жолдасым Қалижан Әділов «ҚазҒЗЖИ» ЖШС мекемесінде сарапшы. Институтта жүріп танысып, студенттік кезде отбасын құрдық. Алланың берген ұлы мен қызын өсіріп, тәрбиелеп, білім алып бердік. Үлкен ұлым Ерлан – заңгер, кішісі Нұржан – жеке кәсіпкер. Үлкен қызым Аққу – «OPTIMUM» жобалау инсти-

туты мекемесінде петрофизика бөлімінде жетекші маман. Ол ҚБТУ мұнай газ ісі бойынша бітірді. Мамандығы геолог жұмысымен тығыз байланысты, сондықтан осы қыз біздің жолымызды қуды деп айтуға болады. Кіші қызым Меруерт Шахмардан Есенов атындағы университетте.

– Жұмыстан тыс уақытты қалай өткізесіз?

– Демалыста отбасыммен, немере-жиендермен бірге болғанды ұнатамын. Балаларым облыс орталығында тұрады, арнайылап барып тұрамыз. Еркелетіп түрлі ас пісіріп беремін. Өсіресе ұлттық тағамдарды әзірлегенді жаным сүйеді. Теңіз жағасында жай қыдырыстап жүргеннің өзі жанға жылулық сыйлайды.

– Қызмет барысымен, көпке үлгі боларлық өмір жолыңызбен бөліскеніңіз үшін рахмет! Еңбегіңізге табыс, отбасыңызға бақыт тілейміз.



ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ ЖАН ЖЫЛЫТАДЫ

**ӘР ЗАМАННЫҢ
ҚИЫНШЫЛЫҒЫ МЕН
КҮРМЕУІ БОЛАДЫ.
СОҒЫССЫЗ БЕЙБІТ
ЗАМАНДА ДА ЖАЛҒЫЗ
ҚАЛЫП, ЖАҚЫНЫНАН
АЙЫРЫЛЫП,
БАСПАНАДАН
ТАРШЫЛЫҚ КӨРІП
ЖҮРГЕН ЖАН
БАРШЫЛЫҚ. СОЛАРҒА
КӨМЕК ҚОЛЫН
СОЗЫП КЕЛЕ ЖАТҚАН
«КӨМЕК ЖАҢАӨЗЕН»
ҚОҒАМДЫҚ ҚОРЫ ТАҒЫ
ДА ЕКІ ЖАЛҒЫЗБАСТЫ
АНАНЫ ҚУАНТЫП,
СӘБИЛЕР ЖҮЗІНЕ КҮЛКІ
СЫЙЛАДЫ.**



ӨЭМБ ұжымымен тапсырылған баспана

«Өзенмұнайгаз» мұнайшыларының ай сайынғы жалақысынан бөліп, қорға қаржылай көмек көрсетуінің нәтижесінде жолдасы дүниеден өткен, бірі бір баласын, енді бірі екі баласын асырап, жеткізіп отырған қос ана өз шаңырағына ие болды. Бір бөлмелі пәтерді ӨЭМБ ұжымы, екінші анаға табысталған екі бөлмелі пәтерді алуға №2 МГӨБ ұжымы демеушілік көрсетті. Жаңаөзен қаласынан табысталған қос пәтер қордың тұрақты демеушілері – кәсіпкерлердің қолдауымен қажетті жабдықтармен, ыдыс-аяқ, көрпе-жастықпен қамтылды.

Пәтердің иесіне айналған анасы мен Бақытжан есімді балдырған:

– Өскенде мен де осылай адамдарды құтқарып, жақсылық істейтін боламын, – деді ағынан жарылып. Пәк те таза бала жүрегінен шыққан сөздің үлкен күші бар. «Жас өспей ме, жарлы байымай ма» демекші, күні ертең ел тізгінін ұстайтын азаматтың жүрегіне түскен қайырымдылық дәні үлкен жемісін беретініне сенім мол.

Қоғамдық қордың мұрындық болуымен №44,45 баспана өз иелеріне табысталғаны көңілге қуаныш ұялатады.

№2 МГӨБ ұжымымен тапсырылған баспана





**ТАСҚЫН СУ БАСҚАН АТЫРАУ ӨңІРІНЕ
КӨМЕККЕ ЖІБЕРІЛІП, ЗАРДАБЫН ЖОЮҒА
АТ САЛЫСҚАН ӨМГ ЖҰМЫСШЫЛАРЫ
МЕН АРНАУЛЫ ТЕХНИКАЛАР ҚАЛАҒА
ТОЛЫҒЫМЕН ОРАЛДЫ.**



АТЫРАУДАН КӨМЕК ТОБЫ ТОЛЫҒЫМЕН ОРАЛДЫ

Оларды Мердігер ұйымдармен өзара іс-қимыл департаменті директоры Орынғали Телеғұсов, ТТБ директоры Қанат Базылов, Жұртшылық және мемлекеттік органдармен байланыс бөлімі басшысы Нұрсұлтан Нұрғали мен әріптестері қарсы алды.

Орынғали Өмірзақұлы бұл істе ерікті түрде құтқару тобына қосылып, апаттың алдын алу, зардабын жою үшін күн-түн демей қызу еңбектенген азаматтарға компания бас директоры Нұрдәулет Қилыбайдың сәлемдемесін жеткізіп, шын жүректен алғысын айтты.

Қала әкімдігімен бірлесіп Нұрдәулет Игілікұлының тапсырмасы бойынша 7 сәуірде күрек, қолғап, қап, су етік тиелген арнаулы 20 шақты техника, 30-ға жуық жұмыскер алғашқылардың бірі болып Құлсары қаласына жолға шығып, жаға бекіту жұмыстарын жүргізуге кіріскен болатын. Көмек тобын Транспорт департаменті директорының орынбасары Сапар Өскенов басқарды.

– Осы уақытқа дейін ауысыммен жұмысшылардың 3 тобы жіберілді. Аталмыш өңірдің құтқару штабына қосылып, облыс аймақтарын судан қорғау мақсатында топырақ төсеу, дамбы жасау т.б. шараларды орындады. Қазіргі таңда облыста жағдай тұрақталып, су деңгейі қауіпті межеден түсті, – дейді Транспорт департаменті бөлім басшысы Марқабай Дүйсенбаев.

Атыраудағы табиғи апаттың алдын алу іс-шарасына Басқару аппараты, №4 МГӨБ, ХжЭБ, №1,3 СҚҚБ, ТТБ және БЖБ қызметкерлері қатысты.

**АЙНАЛАСЫНА ЖАҚСЫЛЫҚ ПЕН ШУАҚ
ШАШЫП ЖҮРЕТІН ЖАНДАР БОЛСА, СОНЫҢ
БІРІ – ЕСЕН ТАЙЖАНОВ. ЖАСТАЙЫНАН СПОРТҚА
ӘУЕС АЗАМАТ БҮГІНДЕ №1 МГӨБ СПОРТ
ӘДІСКЕРІ БОЛЫП ЖЕМІСТІ ЕҢБЕК ЕТІП ЖҮР.**

СПОРТПЕН АЙНАЛЫСҚАНЫҢ КӨҢІЛІ ШАТ



Жасы алпысты алқымдаса да, салауатты өмір салтын ұстанған Есен Жұмабекұлы біраз спорттық доданың жеңімпазы атанып үлгерді. Тіпті еңбек демалысында «Сарыағаш» емдеу-оңалту кешенінде демалушылар арасында үстел теннисінен I орын иеленді. Оны місе тұтпастан, Түркістан облысы, Жетісай ауданында өткен Ерсейіт Сейтқазыұлы Әбдірахмановты еске алу ашық біріншілігінде 60 және одан жоғары жастағы ардагер спортшылар арасында үстел теннисінен I орынды жеңіп алды.

– Шипажайда демалып қана қоймай, жергілікті азаматтармен үстел теннисін ойнап жүріп, ашық біріншіліктің болатынын естідім. Көп ойланбастан 12 спортшыдан тұратын топпен жарысқа жол тарттық. Түркістан облысы мен Өзбекстаннан келген теннисшілер арасынан топ жарып, бірінші орынды жеңіп алдым, – дейді Есен Тайжанов.

2008 жылы мұнайшыларға арналған спорт залдың ашылуына байланысты АжТБ-да слесарь болып жүрген жерінен спорт әдіскері қызметіне ауысқан Есен волейбол, үстел теннисі, гир көтеру секілді спорт түрлеріне мұнайшыларды дайындайды. Айтуынша, компания басшылығы спортпен айналысуға жағдай жасап қойған.

Кәсібін сүйіп, несібесін терген Есен Жұмабекұлының спортқа деген сүйіспеншілігі жақындарына да берілген. Қызы Гүлзия Тайжанова волейболдан компанияның құрама командасының мүшесі.

– Спортпен айналысқан адамның көңілі шат, – дейді компания мәртебесін көтеріп, жеңіс тұғырынан көрініп жүрген әріптес!



БАЛАПАНЫМ, МАҚТАНЫШЫМ

АРМАНЫ БИІК – ҚОЗЫ-КӨРПЕШ

**«БОЛАР БАЛА – БОҒЫНАН» ДЕЙДІ
ХАЛЫҚ ДАНАЛЫҒЫ. ЖАСТЫҒЫНА
ҚАРАМАСТАН, ХАЛЫҚ АЛДЫНА
ШЫҒЫП ЖҮРГЕН ЖАС ӨРЕНІМІЗ –
ҚОЗЫ-КӨРПЕШ ЖАУЫМБАЕВ.**

Мұнайшы әулетінің ізін жалғап келе жатқан жеткіншек «Zhastar.kz» республикалық журналдың мұқабасына шығып, 100 дарынды оқушының ішінен топ жарды. Ол туралы «Қазақстанның мақтанышы» деген тақырыпта мақала да жарық көрді.

Жастайынан зерек те алғыр Қозы-Көрпеш Жалғасұлы 4 жасынан әріп танып бастайды. Кітапқа деген құмарлығы оны білімге жете-



леп, әр кеште кітап оқымаса көз ілмейтін дағдыны қалыптастырады. №3 орта мектептің 2-сыныбында білім алатын жас талант оқуда озат, алғыр шәкірттер қатарында.

– Қозы-Көрпештің осы уақытқа дейінгі жетістігі ата-әжесінің мақтанышына айналған. Оның әр жеңісі мен жетістігі отбасымызға қуаныш сыйласа, білім алатын мектебі мен ұстаздары үшін де үлкен абырой, – дейді анасы Нұржамал Жауымбаева.

Балапанын айналып-толғанып отыратын әжесі Бұрыш Мұхышеваға да Қозы-



Көрпешінің республикалық журналда жарқ еткені ерекше серпіліс сыйлады. «Балапан ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» демекші, 50 жыл №4 МГӨБ оператор болып істеген Бұрыш әжесінің, бүгінде №4 МГӨБ Әлеуметтік әкімшілік қамтамасыз ету бөлімінің инженері болып қызмет ететін анасының тәлімі мен тәрбиесі тек жақсылыққа бастап келеді. Еңбектің адал нанын тапқан атасы Жауымбай Көшкімбаев мұнай саласында 50 жыл жүргізуші болған, шынайы еңбектің адамы.

Балғожа би «Үміт өткен көзімнің нұры балам» демекші, жас өркенге артылған үміт те, сенім де көп. Арманшыл бала өскенде кәсіпкер болғысы келеді. Джефф Безос, Уоррен Баффет секілді ғұламалардың еңбектерін оқып, солардан үлгі алады.

– Ағылшын тілін жетік меңгергім келеді. Ол үшін арнайы курсқа барамын. Оған қосымша жүзумен айналысамын. Астрология ұнайды. Тың қызықты ақпараттарды ізденемін, – дейді Қозы-Көрпеш.

Қазіргі білім мен ғылым басты орынға шыққан кезде, оқуға деген талпынысы ерекше балапанның алдағы өмір жолы ақ болсын.

Отбасың әрдайым жаныңнан табыла берсін.

Жыл
«ӨМГ» АҚ 1964-2024

«БҰРҒЫЛАУ» ЖШС

**ҰЗАҚ ЖЫЛДАН БЕРІ
«ӨЗЕНМҰНАЙГАЗ» АҚ САПАЛЫ
ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТІП, МҰНАЙ ӨНДІРУ
ІСІНЕ ТІКЕЛЕЙ АТ САЛЫСЫП КЕЛЕ
ЖАТҚАН СЕНІМДІ СЕРІКТЕСТІҢ БІРІ –
«БҰРҒЫЛАУ» ЖШС.**

1965 жылы наурызда «Өзен бұрғылау пайдалану кеңсесі» деген атаумен құрылған серіктестік 60 жылға жуық тарихты артта қалдырып, бүгінде табысты еңбек етуде. Серіктестік кен орындарында скважиналарды бұрғылау, сынау, цементтеу, игеру, сынап көру, консервациялау, мұнай қабаттарының мұнай берілістерін арттыру және свкажиналар өнімділігін көбейту, оларды жөндеу және қолданыс уақыты біткен соң жою қызметін көрсетеді.

1970 жылы қыркүйек айында үлкен өзгеріс орын алып, Өзен бұрғылау пайдала-

ну кеңсесі мен Өзен геология-барлау экспедициясы біріктіріліп, Өзен бұрғылау жұмыстары басқармасы ұйымдастырылды. Басқарма басшысы лауазымына Нәсіпқали Марабаев тағайындалды. Қайта құрылған мекемеге Өзенде мыңдап пайдалану скважиналарын құру жүктелді.

Өзен бұрғылау жұмыстарының басқарма ұжымы 1973 жылдың қорытындысы бойынша Маңғыстау облыстық және Өзен қалалық ауыспалы Қызыл Туын жеңіп алды. Бұл жеңіс 3 рет қатарынан қайталанды. 1973 жылы А.Ереміннің бригадасы КСРО Мұнай өнеркәсібі министрлігінде «Ең үздік бригада» деп танылды. Өзен бұрғылау жұмыстары басқармасы Совет Одағында танымал мекемеге айналды. 1986 жылы шарықтау шегінің биігіне жетіп, он бригада-сымен 444 719 метр тау жынысын қазып, 305 пайдалану скважинаның құрылысын аяқтады.

Қазіргі таңда «Бұрғылау» ЖШС Қазақстандағы аса ірі кәсіпорынның бірі. 19 бұрғылау,

Жыл
«ӨМГ» АҚ 1964-2024





14 игеру бригадасы қызмет атқарады. Өндірістік базалар – бұрғылау цехы, ұңғыларды игеру цехы, шегендеу цехы, жерасты ұңғыларын жуатын сұйықтық дайындау цехы, өндірісті қамту базасы және құбыр цехын қамтиды. Кәсіпорында 2000-нан астам маман қызмет етеді.

Компанияда қолайлы еңбек жағдайы жасалған, соңғы үлгідегі озық технология енгізілген. Ақпарды онлайн режимде беріп отыратын есептегіш құрылғылар, бұрғы қондырғыларының электр энергиясын тұтыну шығынын азайту мақсатында конденсаторлы қондырғылар орнатылды, F-800 бұрғы сорғылары модернизацияланды. Қондырғыларды шегендеу бөлімі калийхлорлы ерітінді пайдалануға көшірілді.

Сондай-ақ қондырғыларды орнатуда телеметрикалық құрылғылар қолданылады. Бұл

өзгерістер колонналарды бекіту сапасын айтарлықтай жақсартты. «Пульсар» құрылғысын пайдалану арқылы шығындар есебін автоматтандыру жүйесі енгізілді. Негізгі бұрғылау жұмыстарын жүргізетін МБУ-125 (Ресей), ZJ-20 (Қытай), HRI700, IRI-5000, KB-200 бұрғы қондырғысын қолдану нәтижесінде қызмет көрсету тиімділігі артты.

Сонымен қатар Кремко-80 (Канада), УПА-50 (Ресей), ПАП-50 (Қазақстан) қондырғылары скважиналарда күрделі жөндеу жұмысын жүргізеді.

Миссиясы «Өзенмұнайгазбен» біте қайнаған «Бұрғылау» өнімді серіктестік. Екі тарап арасындағы қарым-қатынас жыл сайын жаңа шарттар мен түрлі меморандумдар арқылы беки түсуде.

**ҚАЗІР ЖАСТАР ӘДЕМІ ӨМІРДІ АРМАНДАЙДЫ. ДӘЛ ҚАЗІР БАЙЫҒЫСЫ
КЕЛЕТІН ЖІГЕРСІЗ, ШЫДАМСЫЗ ЖАСТАР ПАЙДА БОЛДЫ. МЕНІҢШЕ
МҮМКІНДІКТЕР ЗАМАНЫНДА «ӨМІРІМ ЖАМАН» ДЕП ШАҒЫМДАНУ,
ШАРАСЫЗ КҮЙГЕ ТҮСУ – ҰЯТ!**

ИГІЛІК ЕҢБЕКПЕН КЕЛЕДІ



Жыл
«ӨМГ» АҚ 1964-2024

Несін жасырамыз, жастарымыз инстаграмдағы өмірді аңсайды. Әлеуметтік желіні түртіп қалсаң, ақшасы көп әлдекім бала-шағасымен Мальдив аралдарына барып демалып қайтады. Бір блогер теңіз бен құмды көрсетіп Дубайда жүреді. Бір әнші 12 миллион теңге тұратын бренд сөмкесін көрсетеді.

Осыны көрген кей жас депрессияға түседі. Өзін қор сезінеді. Өмірде жолы болмаған сорлымын деп іштей өзін-өзі «жеп» қояды.

Енді сұрақ? Адамдар неге удай қымбат брендті сатып алуға әуес. Жауабы өте қа-

рапайым: осыған қолым жетті деп мақтанып, инстаграмға салу. Абсурд!

Бүгінде дені сау елдер минимализмді насихаттап, уақыт пен ақшаны үнемдейік, табиғатты қоқыспен толтыра бермейік деген ұстаныммен өмір сүріп жатыр.

Пәленше деген коуч, түгенше деген психолог келіп жатыр деп өзін діңкелетіп жүргендерге айтарымыз – кез келген игілік еңбекпен келеді.

Бақуатты өмір сүруге ұмтылу ұят емес. Ол үшін миыңды дамыт, кәсіби ізденісті тоқтатпа, өзіңе қара, талпына бер, еңбектен. Бәрі зың болады! Отвечаю!

ЖАРАЛЫ ЖҮРЕК

(әңгіме)

7-сыныпта оқитын Ақбөпе сабақтан кейін әдеттегідей үйіне бармай мамасының жұмыс орнына келді. Шешесі шаштараз. Қашан барса да әлдекімнің шашын бояп немесе қиып жатады. Ауруын айта беретін жүзі сары, әжім-әжім көрші апа құдалыққа барамын деп шаш үлгісін жасатып, сәнденіп жатыр екен.

– Әй, Әлия, мен макияж да, маникюр де жасатамын. Ай бірақ, не жасатсаң да, алыста қалған 18 жас қайтып келмейді ғой. Үй, мәшине, ақша, жұмыс деп жүргенде қайран жастық шақ өтіп кетті, – деп күрсініп алды.

Ақбөпе телефонын ермек етіп отыр. Көрші апа қант диабеті мазалап жүргенін, қан қысымы көтерілгенін, басының сақинасы ұстап жүргенін айтып, үйреншікті гөй-гөйіне басты.

Сусабындар, шашқа арналған майлар, жалт-жұлт еткен спрейлердің иісі адамның қолқасын атады. «Әтпіш!» деп түшкіріп жіберген қыз қуықтай жерде дамылсыз сөйлеп жатқан адамдардан шаршап, көзін жұмды. Жасы келсе де тілі қысқаратын түрі жоқ көрші апа енді келінін жамандауға кірісті...



Кіржиіп тұрған шешесінің көптен бері жүйке тыныштандыратын дәрі ішіп жүргенін білетін Ақбөпе оған жаны аши қарады. Көңілі құлазыды. Әкесі кеше де ішіп келіп, анасына орынсыз тиісіп, қол жұмсап, жүйкесін жұқартты. Екеуі әупірімдеп үйден қашып шығып, нағашы жұртына барып бас сауғалады. Ақбөпе ес білгелі мамасына азар беріп келе жатқан әкесін жек көріп кетті.

Нағашы әжесі «әрине, ол күйініп ішеді. Сен оған мұрагер болатын ер бала туып бермедің. Таңның атысы, күннің батысы таксиші боп тиын-тебеннің соңында жүр. Үйге келгенде ер адамның тамағы пісіп, киімі үтіктеулі тұру керек. Таста жұмысыңды. Неңе жеткізе алмаймын деп жүрсің? Қатынның тапқаны еркектің тапқанына жетпейді. Оның үстіне қатын сияқты қылығың да жоқ, сұп-суықсың. Еркекке ақша табатын робот емес, ет пен сүйектен жаралған қатын керек. Жас 40-қа келгенде құбылады деген, ажырасамын деген не сұмдық?! Қазақта «Кіммен қарайсаң, сонымен ағар» деген сөз бар... Тамақ сұраған күшіктей мөлііп маған келуші болма... быды-быды» деп ұрсып тастады.

Қолдау іздеп барған шешесін өңменінен итерген нағашы әжесінен қыз түңіліп кетті. Өзіне жылы сөйлеп, мейірім танытса да, илікпеді.

Бүгін ол мамасымен дұрыстап сөйлесіп, әкесінен бөлек тұру керектігін айтпақшы. Сыныптағы арасынан қыл өтпейтін досы Еңліктің де әкесі жоқ. Сонда да ол сабақта көңілді жүреді. Үлгерімі де тәуір.

Еңлік сабақтан тыс уақытында ұмытшақ болып ауырып жүрген әжесіне қамқор болады. Кейуана бұларға «Қарт адамда ми болмайды екен, мылжың болатын жастамыз ғой» деп мұң шағады.

Жүзі жүдеу, шашын төбесіне әдемілеп түйіп алған анасы сықылықтасқан оқушы қыздарға жылан, жүгері, тәж, атқұйрық деп аталатын шаш өру үлгісінің түр-түрін өріп беріп жатып, Ақбөпеге қарап, көзін қысып қойды.

Жұмыс аяғында екеуі «Бауырсақ» кафесіне бас сұқты.

– Мәзірден қалағаныңды таңда, – деді анасы. Даяшы екеуінің аузынан шыққанды қақшып алуға дайын тұр.

Анасы қызына студент болып жүргенде әкесінің соңынан қалмай жүгіріп, «сүймеймін» дегеніне қарамастан алып қашқанын, ұрттаса «сен мені сүймедің, өзіңе тең көрмедің, жігіттік намысымды таптадың, ақылдымын, тіл білемін деп мұрныңды шүйіресің» деп соққыға жығатынын айтты.

– Қарғыс атқыр, сол күні жұлқынып шығып кетпегеніме әлі күнге дейін өкінемін. Оқу жайына қалды. Оның үстіне нағашы әжең де «есік көрген сен енді кімге керексің, көзімізге көрінуші болма, сен де бір, шіріген жұмыртқа да бір, мені аямасаң да, жүрегінің кінәраты бар әкенді аясаңшы» деп сүйегімнен өтетін сөз айтты, – деді анасы қызын құшақтап.

– Мама, біз ертең барамыз да ажырасуға арыз жазамыз. Бұлай өмір сүруге болмайды. Мен бақытты болуым үшін бірінші сен бақытты болуың керек, – деді Ақбөпе.

«Өз үйіңнен жау шықса, қашатын жер табылмас» демекші, шаршап жүрген келіншектің көңілі бұзылып, тамағына өксік тығылды.

– Жылама, мама, енді ешкім саған саусағының ұшын да тигізбейтін болады, – деді Ақбөпе нық дауыспен.

Бетінің шырайы кіріп, көзінде үміт оты пайда болған Әлия бір сәтте есейіп кеткен қызына мейірімін төге таңырқай қарап қалды...

ОЙМАҚТАЙ ОЙ

ӨЗ ҚАНАТЫҢ БОЛМАСА, ӨЗГЕҢІ ҚАНАТЫМЕН ҰША АЛМАЙСЫҢ.

(МАҚАЛ)

Бибігүл БӨБЕКБАЙ

КІТАРОҚУ

**МҰХТАР ӘУЕЗОВТІҢ
«ҚИЛЫ ЗАМАН» РОМАНЫН
ОҚУҒА КЕҢЕС БЕРЕМІЗ.
ШЫҒАРМА ҚАРАҚАРА
ЖЕРІНДЕГІ 1916
ЖЫЛҒЫ ҰЛТ-АЗАТТЫҚ
КӨТЕРІЛІСІ ТӨҢІРЕГІНДЕ
ӨРБІП, ЖЫЛЫНА
БІР РЕТ ӨТКІЗІЛЕТІН
ЖӘРМЕҢКЕДЕН
БАСТАЛАДЫ.**



19 және 32 жас аралығындағы азаматтарды тылға жіберу туралы Жарлықтың шығуы ел тарапынан наразылық тудырып, соңы көтеріліске ұласады.

Халық мұндай қорлыққа төзе алмай ашу шақырады. Ұзынқұлақтан көршілес жатқан қырғыздың да көтерілгені туралы хабар жетеді.

Көп ішінде жүрген жансыздар кесірінен қолбасшылар қолға түседі. Көтерілісшілер соңына дейін ұранынан танбай күресіп, ақыры екі тарап та қисапсыз шығынға ұшырап, барар жер, басар тауы қалмаған қазақ қытай асып кетуге мәжбүр болады.

Кітапты оқу арқылы тарихи деректерге қанығасың. Рухынды шыңдайды, бойыңа ұлтшылдық дәнін егеді.

Жыл
«ӨМГ» АҚ 1964-2024

KINOQARA

**«ҚАРА ЖӘШІК» ТЕЛЕХИКАЯСЫНДА
КӨТЕРІЛГЕН МӘСЕЛЕСІ ӨЗЕКТІ.
КАРТИНАНЫҢ ҚЫСҚАША СЮЖЕТІ:
ҚАЛАДАҒЫ МЕКТЕПТІҢ БІРІНДЕ ҚАЙҒЫЛЫ
ЖАҒДАЙ ОРЫН АЛАДЫ. ОҚУ ҮЗДІГІ,
ТӘРБИЕЛІ, 11-СЫНЫП ОҚУШЫСЫ АЙЫМ
ӨЗІНЕ ҚОЛ ЖҰМСАЙДЫ.**



Мектептегі буллинг, суицид, қоғамдағы әділетсіздік, әке-шешенің баласына дұрыс көңіл бөлмеуі – көрерменге ой тастайды.

Мәселен бас кейіпкер Айымның әкесі маскүнем, сұйық адам. Бүгінде жауапкершілік алмайтын ер адам қоғамдағы №1 проблемаға айналып отырғаны кім-кімге

де жасырын емес.

Телехикаядағы өзін-өзі әлеуметтік желіге қамап, қараса да көрмейтін, айтса да естімейтін меңіреу, жатбауыр пенденің көптігі адам көңіліне үрей ұялатып, жанын құлазытады.



**МАҢҒЫСТАУ МҰНАЙЫ
ТҰТАС МЕМЛЕКЕТ
ЭКОНОМИКАСЫНА ЗОР
ЫҚПАЛ ТИГІЗІП ОТЫРҒАН
АСА МАҢЫЗДЫ ӨҢІРДІҢ БІРІ.
ЗАМАНАУИ ЖАБДЫҚТАЛЫП,
ОЗЫҚ ТЕХНОЛОГИЯНЫ
ПАЙДАЛАНЫП КЕЛЕ ЖАТҚАН
ӨНДІРІСТІҢ БОЛАШАҒЫ –
СІЗДЕРМЕН ЖАРҚЫН.**

Жан қалауымен таңдаған кәсіпті адалынан атқарып, мұнай мен газ игерілуіне сүбелі үлес қосып, ел игілігіне жемісті еңбек етіп келесіз.

Мұнай өндіру – бір ғана адамның, не болмаса шоғырдың қолынан келетін сала емес. Бұл ретте әрқайсыңыз «бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып» кен орынды гүлдендіру жолында тер төгіп келесіз.

Сіздің ерен еңбегіңізге алғыс білдіре отырып, өміріңізде жақсылық атаулы молынан орын алсын, көрер қызық бен қуаныш таусылмасын деп тілейміз. Еңбегіңіз еленіп, алдағы уақытта ардагер мұнайшы ретінде орныңыз төрден табылсын!

АРДАҚТЫ ӘРІПТЕС!

*Мерейлі жасыңыз
құтты болсын!*



Саламат Қайырбаев
Ідіріс Отаров
Құрмагүл Тұрсынәліева
Даулыби Есенаманов
Нұрғали Қаспаев
Сансызбай Аймұратов
Талғат Қыдырбаев
Есқуат Жексенбаев
Талғат Әмірбеков
Іңірбек Қонақбаев
Барыс Өтегенов
Сарлыбек Самұрадов

Асқар Өтешов
Асқан Жанов
Дәурен Есенов
Аманқос Жұмағазиев
Шамшадин Селбаев
Боздақ Ратов
Жанар Оңдасынова
Жүсіпбек Жолдасов
Бегалы Қаржаубаев
Зәуреш Мергенбаева
Қосбол Жүмекенов
Қайырбек Есқуатов

Қайсар Махамбетов
Айтқұл Байжанов
Ысқақ Өтегенов
Мұратбай Бөбекбаев
Мұхамбетқали Кесебаев
Тарас Сырлыбаев
Бақытхан Базарбаев
Ырысқали Қалмағанбетов
Марат Шүйшмағанбетов
Амангүл Телағысова

Ізгі тілекпен, «Өзенмұнайгаз» АҚ

КЕЛІП ЖЕТКЕН ТУҒАН КҮНІҢІЗ ҚҰТТЫ БОЛСЫН!

Ұзақ жыл өңірдің мұнай мен газ игеру саласында өлшеусіз тер төгіп, оң нәтижеге қол жеткізген ерен еңбегіңізге алғыс білдіреміз.

Сіздер Совет Одағында құрылған жүйені де, еліміз тәуелсіздік алып, етек-жеңін жинаған сәтті де көрген көнекөз жансыз. Осынау жылдар ішінде еңбекке адалдық танытып, қиындығы мен қызығы қатар жүретін өндірісте ел экономикасын көтеруге бар күш-жігеріңізді сарп еттіңіз.

Бүгінде бір-бір әулеттің қазынасына айналып, немере-шөбере сағына иіскеп, мойыныңызға асылатын абзал жанға айналып отырсыз. Осыдан асқан бақыт бар ма?! Сіздердің жүріп өткен жолыңыз жас буынға үлгі, жеткен жетістігіңіз бүгінгі күнде тарих.

Қызметіңіз үшін көп рахмет айта отырып, бойыңызға қуат, деніңізге саулық, отбасыңызға амандық тілейміз. Ел аман, жұрт тыныш болсын!

**Ізгі тілекпен,
«Өзенмұнайгаз» АҚ**

ҚАДІРМЕНДІ АРДАГЕРЛЕР!



Тұрған Ермұханова
Сергей Хасанов
Оңдасын Есенқұлов
Мұрынбай Айдарбеков
Оразбай Табынбаев
Таңат Салауатов
Сағынбай Шоханов
Жолдыбай Қожамбетов
Жаңылсын Баймұратова
Жұмагүл Екібасов

Төремұрат Тәжіманов
Роза Жантілесова
Аманбек Сатыбаев
Есболсын Құлсариев
Леонтий Разин
Бақтылы Өтебаева
Ұзақбай Жалғасбаев
Аманберді Жантілеуов
Салтанмұрат
Жұмағалиев

ӨзенмұнайГаз

«Өзенмұнайгаз» АҚ әлеужелідегі ресми парақшаларына QR кодты скандау немесе сілтемеге өту арқылы жазылып, компания жаңалығынан хабардар болыңыз.

[www.facebook.com](https://www.facebook.com/ozenmunaigas)



[instagram.com](https://www.instagram.com/ozenmunaigas)



[www.tiktok.com](https://www.tiktok.com/ozenmunaigas)



[youtube.com](https://www.youtube.com/ozenmunaigas)

